

Елдекенова Ә.Б., Кокеева Д.М.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: eldekenova94@gmail.com, e-mail: dmkbuddy@gmail.com

ТОПОНОМИКА ЖӘНЕ ХИНДИ ТІЛДІ АРЕАЛ ТОПОНИМИЯСЫНЫҢ ЭТНОТАНЫМДЫҚ СИПАТТАРЫ

Антропоэлектік ұстанымда жүргізілетін лингвистикалық зерттеулердің бір нысаны ретінде үнді топонимиясының аймақтық (регионалдық) жүйесін қарастыру белгілі бір шектеулі аймақ – жер-су аттарының сол өңірдің этномәдени, рухани тарихымен байланысын зерттеу болып табылады. Аймақтық топонимиялық материалдар сол аймаққа ғана тән лингвотарихи, этномәдени, этнотанымдық тарихына қатысты және сонымен бірге жалпы үнді топонимиясына тән заңдылықтарды айшықтап, аражігін көрсетіп бере алады. Мақалада лингвотарихи, этномәдени, этнотанымдық тарихына қатысты үнді топонимиясына тән заңдылықтар қарастырылады.

Түйін сөздер: топонимика, география, лингвотарихи, этномәдени, этнотаным.

Eldekenova A.B., Kokeeva D.M.

Kazakh National University al-Farabi, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: eldekenova94@gmail.com, e-mail: dmkbuddy@gmail.com

Etno cognitive properties range toponyms of Hindi and toponymy

The anthropocentric position as one of the forms of Indian linguistic research conducted in the regional toponymy review of the system to a specific area – in the names of certain ethno-cultural regions, is the study of the relationship of spiritual history. Regional toponymic materials, show the distribution patterns inherent in all-Indian toponymy revealing linguistic history, ethnocultural, ethnocognitive stories that are unique to this region.

The article discusses lingvohistorical, ethnocultural, ethnocognitive patterns characteristic of Indian toponymy.

Key words: Toponymy, geography, linguistic history, ethnocultural, ethnocognitive.

Елдекенова Ә.Б., Кокеева Д.М.

Қазақстанның национальнй университет им. аль-Фараби,
Қазақстан, г. Алматы, e-mail: eldekenova94@gmail.com, e-mail: dmkbuddy@gmail.com

Этнопознавательные свойства топонимии ареала языка хинди и топонимики

В антропоцентрическом положении в качестве одной из форм индийских лингвистических исследований, проводимых в региональной топонимии рассмотрения системы с определенной зоны – в названиях определенных этнокультурных регионов, является изучение взаимосвязи духовной истории. Региональные топонимические материалы показывают распределение закономерности, присущие общеиндийской топонимии, раскрывая лингвистические, этнокультурные, этнопознавательные истории, характерные только для этого региона.

В статье рассматриваются лингвистические, этнокультурные, этнопознавательные закономерности характерные для индийской топонимии.

Ключевые слова: топонимика, география, лингвистика, этнокультура, этнопознание.

Кіріспе

Қазіргі үнді тіл білімінде ұлт, тіл, мәдениет арақатынастарының, өзара байланысының зерттелуі ономастикалық материалдарды кешенді түрде, яғни үнді халқының санасымен, дүниетанымымен, өмір сүрген табиғи ортасымен, ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылығымен, т.б. тұрғыда қарастыруға үлкен мүмкіндіктер беріп отыр. Хинди тіліндегі өте бай ономастикалық қорда, соның ішіндегі географиялық жалқы есімдер жүйесінде үнді этносына қатысты орасан мол этнотанымдық ақпараттар жинақталған. Осындай мол ақпараттық байлықты қарастыру зерттеушілерге үнді жалқы есімінің онтологиялық табиғатын, көп қырлы ерекшеліктерін тану мен сипаттауға жол ашады.

Антропоэзеттік ұстанымда жүргізілетін лингвистикалық зерттеулердің бір нысаны ретінде үнді топонимиясының аймақтық (регионалдык) жүйесін қарастыру белгілі бір шектеулі аймақ – жер-су аттарының сол өңірдің этномәдени, рухани тарихымен байланысын зерттеу болып табылады. Аймақтық топонимиялық материалдар сол аймаққа ғана тән лингвотарихи, этномәдени, этнотанымдық тарихына қатысты және сонымен бірге жалпы үнді топонимиясына тән заңдылықтарды айшықтап, аражігін көрсетіп бере алады.

Ғаламның жалпы ұлттық топонимиялық бейнесінің құрамында *аймақтық (регионалдык) топонимиялық бейнесін* зерттеу нысаны ретінде қарастыруымызға болады, өйткені ол белгілі бір мәдени-тарихи аймақтың (регионның) топонимдер мен микротопонимдер деңгейіндегі тілдік-менталды көрінісі болып келеді. Демек, сол аймақта ежелгі замандардан бері тұрып келе жатқан елдің, халықтың этнотанымдық (дүниетанымдық) ерекшеліктерін аймақтық топонимиялық жүйеде айқындайды.

Негізгі бөлім

Алғашқы қауымдық құрылыс кезеңіндегі адамдар өмір сүру үшін күрес үстінде өзін қоршаған ортамен, табиғатпен, өсімдік, жануарлар дүниесімен тікелей қарым-қатынасқа түсті. Олар күнкөріс пен тіршілік жағдайында жер суға, табиғат құбылыстарына тәуелді болып келді. Сондықтан олар, ең алдымен өздерін қоршаған ортаның қыр сырын, тыныс тіршілігін ұғынуға тырысты. Сөйтіп, адамдар көне замандардан бастап өздерін қоршаған дүниенің тау

тасына, өзен көліне, орман тоғайына, түз дала-сына, ой қырына ат қойып айдар таға бастады. Алғаш пайда болған атаулар күрделі сипатта болған жоқ. Олар әдетте жеке сөздерден тұрды және ол атаулар қайталанып та беріліп отырды. Бірте бірте ол сөздер географиялық терминдерге айналды. Жалқы есімдер адам санасының дамуымен бірге күрделеніп, екі немесе одан да көп сөздер тіркесінен құрала алатын дәрежеге жетті. Ондай күрделі атаулар құрамында о баста жеке бір объектінің атауы ретінде пайдаланылған өзен, көл, тау, дала, су сияқты сөздер қолданыла бастады. Бара-бара таңбаланып, объектінің атауы ретінде оның сын-сипаты, сапасы және басқа да көптеген қасиеттері негіз бола бастады. Бұл қай ұлттың болмасын топонимиясының қалыптасуына тән ортақ заңдылықтар.

Топонимика – ономастиканың жер-су, елді мекен атауларының шығуы мен пайда болуын, мағынасын, құрылымының дамуын, таралу аймағын, қазіргі жағдайын, грамматикасын, фонетикалық пішінін, жазылуы мен екінші бір тілде берілуін зерттейтін құрамдас бөлігі [1, 17].

Жер-су аттарының шығуы, қалыптасып дамуында лингвистикалық факторлармен қатар табиғат құбылыстарының, жер бедері мен көрік келбетінің ерекшелік сыр сипаты, бейне көріністері, қоғам өміріндегі тарихи, әлеуметтік экономикалық және саяси өзгерістердің жай жапсарлары анық және айқын көрініс береді. Олар өткен өміріміз бен тірлік болмысымыздың рухани байлығына тән мәдени ескерткіш ретінде ғана құнды емес, бүгінгі таңда да стратегиялық тұрғыдан зор мән мазмұнға ие. Өйткені әрбір қоғам өмірі тарих деңгейінде қандай да болмасын, жер су аттарының қатысынсыз болған емес. Олар заман ағымына сай толысып, қазіргі өмірімізде де ерекше қызмет атқаруда.

Әлемдегі жер-су аттарының сыр сипаттары мен қойылу себептері, аталу заңдылықтары, тарихи даму жолдары ғасырлармен үндесіп жатыр. Топонимика география, тарих, тіл білімі, этнология ғылымдарының деректеріне сүйеніп, өзара байланыста дамиды. Кез келген аумақтың географиялық атауларын жиынтығы сол жердің топонимиясын құрайды. Топонимдер екі үлкен топқа бөлінеді. Олардың бір бөлігі ірі географиялық объектілер атаулары болса, екіншісі кіші объектілер атаулары болып саналады. Бұларды ономастикалық ғылыми терминмен макротопоним және микротопоним деп атайды.

Макротопонимия. Халыққа кеңінен танылып, ресми тұрғыдан белгілі болған ірі

физикалық географиялық объектілер аттары. Макротопонимдер сол территориядағы табиғаттың көріністеріне және байлықтарына, оның ландшафтарына, жер бедеріне, шаруашылығына байланысты болады.

Ал микропонимия белгілі аумаққа тән ұсақ физикалық-географиялық объектілердің, яғни өзен мен көлдердің, көлшік, бұлақ пен бастаулардың, құдық пен жылғалардың, жыра мен сай салалардың, жота мен төбе, төбешік, қыр қыраттарының, шабындық пен пішендіктердің, қыстау мен жайылымдарының аттары. Бұл макротопонимдер және микропонимдер деген терминдерді тіл біліміне алғаш рет А.В. Супранская және Э.М. Мурзаев қолданды.

Хинди тілді ареалдағы топонимдерінің ішінде сан жағынан молы да, көбі микропонимдер. Олардың өлкеде мейлінше болуының заңды себебі де бар. Хинди тілді ареал табиғат жағдайлары өте алуан түрлілігімен ерекше. Әрқайсысының өзіне тән табиғи жағдайларымен өзгеше келетін көптеген ландшафтар табиғи немесе ландшафттық зоналар болып топтасады. Ал табиғат зоналарының әрқайсысы ұзақ созылған табиғи эволюция процесінде қалыптасқан және белгілі бір климат жер бетінің су және жылу режимі қасиеттерімен, топырақ өсімдік жамылғысымен, жануарлар әлеміне тән ерекшеліктерімен, топырақ өсімдік жамылғысымен, жануарлар әлеміне тән ерекшеліктерімен сипатталады. Хинди тілді ареалдың жер беті жазық далалар мен шөлді құмдар, өлкенің ландшафтарының көпшілігінің табиғи бейнесі адамның шаруашылық қызметі жоғарғы дәрежеде қызмет етеді.

Топонимдердің, әсіресе, эндонимдердің ең негізгі қасиеті олардың тұрақтылығы, сол үшін де мұндай атаулар адамзат тарихы, мәдениеті және тіл жөнінде көне ғылыми мәліметтер береді. Мысалы, географиялық атаулардың құрамын зерттеу сол аймақты ежелгі заманда қандай тайпалар, халықтар мекендегенін анықтауға, олардың өткен тарихының ерекшелігін қалпына келтіруге, тараған жерінің шекарасын белгілеуге, орын ауыстыру, бағытын шамалауға, бұрынғы мәдени және экономикалық орталықтарын, сауда жолдарын, т.б. білуге болады. Осы мағынада топонимдер тарих, этнология, археология және тіл біліміне нақтылы мағлұмат береді. Географиялық атаулардың пайда болуын, мән мағынасын айтылуы мен жазылуындағы ерекшеліктер мен өзгерістерді зерттейтін топонимика ғылымы өз ішінде өзара байланысты бірнеше салалардан тұрады:

- ороним – жер беті бедерінің кез келген атауы;
- зооним – жануар атауларынан пайда болған атаулар;
- фитоним – өсімдік атауларынан пайда болған атаулар;
- антропоним – кісі есіміне қойылған атаулар;
- гляционим – мұздық атаулар;
- дримоним – орман массивтерінің атаулары;
- этнонимдер – ру, тайпа атаулары;
- мифоним – аңыз, әңгіме, эпостардағы қиялдан туындаған атаулар;
- спелонимдер – үңгір атаулары;
- некронимдер – қорған атаулары;
- инсулоним – арал атаулары;
- ихтоним – балық атауларынан пайда болған атаулар;
- орнитоним – құс атауларынан пайда болған заттар;
- геоним – тек, ген, ұрпақ кезеңінің атаулары;
- космоним – онимнің түрі, галактика мен ғарыш денелерінің, жұлдыздар мен жұлдыз шоғырларының атаулары;
- ойконим – қала, елді мекен атауы;
- хороним – топонимнің түрі, табиғи әкімшілік аумақтық бірліктердің атаулары;
- геоним – кен байлықтарының атауларынан пайда болған аттар;
- гидроним – су нысандарының атаулары [1, 18-19].

Топонимика тіл тарихын зерттеуде маңызды дерек көзі болып саналады. Өйткені кейбір топонимдер архаизмдер мен диалектизмдерді тұрақты сақтайды, көбінесе олар сол аумақты мекендеген халықтың субстрат тілдерінен бай мағлұмат береді. Топонимдердің халық берген дұрыс нұсқасын барлық жағдайда және басқа тілдерде дұрыс жазылуының маңызы зор. Жергілікті географиялық атауларды басқа тілдерге қатесіз берудің іс жүзіндегі жолы, транскрипция және транслитерация әдістері болып табылады. Бұл әдістердің географиялық нысандары картаға, атласқа түсірілгенде, түрлі әдебиет, бұқаралық ақпарат құралдарының беттерінде және коммуникацияның барлық саласында олардың атауларын дұрыс жазуға көмектесетіні анық.

Кіші аймақтық топонимияның тағы бір ерекшелігі – аудан тіпті белгілі бір ауыл әкімшілік (ұжымшар) территориясы көлемінде *микротопонимдік жүйе* құра алатындығы.

Микротопонимдерге тән тағы бір басты өзгешелігі – белгілі бір аса көлемді емес

(шектеулі) аймақтың аудан, ауыл (ауыл іші немесе маңайы) микротопонимдік жүйесінде болуы. Осыған байланысты микротопоним шартты түрде азғана адамдарға мәлім, уәжділігі жергілікті тұрғындарға ғана белгілі және ұсақ нысан (объект) атауы ретінде карталарда белгіленбеген. Микротопонимдердің осындай сипаттары *кіші аймақ* (аудан) топонимдерге, яғни аудан аймақтық топонимиялық жүйе бірліктеріне тән деп айта аламыз.

Этнотанымдық топонимиялық қабаттар дүниетанымның белгілі бір түрлеріне негізделген және соларды тілдік-менталдық түрде көрсететін топонимиялық қабаттар (топонимдер типтері немесе топонимдер жиынтығы) болып табылады. Мәселен, кейбір топонимдер мифтік (мифологиялық) таным негізінде туындаған. Сол себепті оларды *мифтік (мифологиялық) топонимдер* немесе *мифтік (мифологиялық) этнотанымдық (дүниетанымдық) қабатына* жатқызуымызға болады. Танымның бір түрін «тарихи таным» деп айқындасақ, жалпы топонимияда немесе аймақтық топонимияда сол танымға негізделген «тарихи топонимдерді» немесе *тарихи топонимиялық қабатты* қарастыруымызға болады.

Ал енді, сол түрлі таным түрлеріне негізделген топонимиялық қабаттарды хронологиялық (диахрониялық) тұрғыдан қарастыратын болсақ, олар *стратиграфиялық* қабаттарды құрайды, өйткені пайда болған, қалыптасқан дәуіріне, кезеңіне сәйкес бірінен кейін бірі, кезектесіп *стратиграфиялық* мәдени-тарихи хронологиялық қабаттардың құрылымын жасақтайды.

Алғашқы немесе ең көне стратиграфиялық дүниетанымдық топонимиялық қабатқа мифтік (мифологиялық) танымға негізделген топонимдерді жатқыза аламыз. Рама құдайымен – Рамнагар, Рампур, Рамгарх; Лакшми құдайымен – Лакшми Нагар; Рудра құдайымен – Рудрапур, Рудранатх; Сурья құдайымен – Сурьяван; Шива – Шивпури, Шивгарх, Шивпур, Шиврадждур; Брахма – Брахмапутра; Кали; Дурганти; Сарасвати; Парвати; Канти; Кама; Ямуна; Варуна; Балрама құдайымен – Балрампур; Ганеш құдайына – Ганеш Нагар; Хануман құдайына – Ханумангандж, Ханумангарх; Тулсипур; және де Арджунгарх, Гуру Дроначария, Бхарат – Үндістанның хиндиша аты; Ганга; Бхимпур; Лакшманпур; Ситапур, Ситанагар т.б. жатады. Хинди тілді ареалдағы топонимдердің этимологиялық қырының түп-төркіні санскрит және араб-парсы тілдерінен шыққан. Мысалы: Ганга (санскрит), Аллахабад (араб). Сондай-

ақ түбір сөзге жалғанған араб-парсы, санскрит жұрнақтарына тоқтала келсек. Мысалы:

- абад: Парсы тілінен енген жалғау (Ахмадабад);
- пур, -пури, -пура, -пурам: Қалалардың аттарына байланысты (Канпур);
- шахар: парсы тілінен енген жұрнақ (Буландшахар).

Хинди тілді ареал өңірі мифологияға, дінге байланысты жерлері аса көп десек те болады. Махабхарата эпосындағы ең атақты жерлердің бірі – Курукшетра. Харияна штатында орналасқан бұл жер үнді тарихында маңызды орын алады. Атақты ағайындылар арасындағы қанды соғыс болған жер және Кришна құдайының Арджунаға «Бхагавадгита» жырын оқып берген жер, қазірде үнділердің құлшылық ететін жерлердің бірі. Бхагавадгитаның бірінші жырында, Курукшетра «дхарма – кшетра» – «дхарма даласы» деп аталады [2, 67].

Хинди тілді ареал топонимиясының өзіндік келбетін ғасырлар бойы қалыптастырған этномәдени факторлардың бірі – жергілікті елдің наным-сенімдері. Халықтық наным-сенімдерінің аймақтық топонимиясындағы бірден-бір көрініс әулиелі жер-су аттары немесе агиотопонимдер. Үндістанның барлық өңірінде, соның ішінде хинди тілді ареал агиотопонимдері белгілі мөлшерде кездеседі. Хинди тілді ареал өңірі киесі мол жер деп айтуымызға болады және де осы рухани феноменнің басты себебі, Рам құдайының туылған жері – Айодхья қаласы немесе Варанаси қаласы. Варанаси қаласының атауы, мына екі өзен атауынан бастау алады, біріншісі Варуна (Варуна су құдайы) және екіншісі Асси өзендерінен. Себебі, Варуна өзені Ганга өзеніне солтүстіктен келіп, ал Асси өзені оңтүстіктен келіп құяды. Басқа да жорамалдарға сүйене келе, Варуна өзенінің бірінші атауы Варанаси болған делінген. Сол себептен Варанаси сол атаудан шықты деген тұжырым қалыптасқан. Тарихи мәліметтерге сүйенсек, Варанасидің Авимуктака, Анандакана, Махасмасана, Брахма Вардха, Сударшана, Рамья және де Каши атаулары болған. Ригведада қала атауы Каши немесе Каси (жарқыраған, шұғыла) деп көрсетілген [3, 67-68].

Будда құдайының уағыз оқыған жер – Шраваста қаласы, маймыл Будда құдайға бірінші рет балды сыйға тартқан жер – Вайшали қаласы секілді т.б. көптеген киелі жерлеріне күні бүгінге дейін халық зиярат етеді, тілек тілейді [4, 44].

Хинди тілді ареалдың киелі орындары белгілі бір *микротопонимиялық кешенді*

құрайды. Төменде сөз етілген *микротопонимиялық кешеннің* өзіндік ерекшеліктеріне төмендегідей жайттарды (белгілерді, сипаттарды) жатқызуға болады: 1) кешенге енетін микротопонимиялық атаулар белгілі бір қалалардың ішінде орналасуы; 2) осы кешендегі микротопонимиялық атаулар ұсақ нысандарға қатысты қойылған және де шын мәнінде жалқы есімдер қатарына толыққанды жатпайды, сонымен қатар бұл атаулар жалпы есімдер де емес – жалқы және жалпы есімдер «ортасындағы» атаулар (себебі кейде «үлкен әріппен» жалқы есімдер сияқты жазылады, кейде «кіші әріппен» де жазылады).

Сиддхартха Гаутама медитация арқылы жарықтану дәрежесіне жеткен *Гая* деген жер бар, ал кейде сол жер *Будда құдайының жарықтанған жері* деген атпен белгілі. Сондай-ақ, Сиддхартха Гаутама мен оның жанындағы оқушыларымен *мекендеген жері*, оның *уағыз оқыған жері*, *саусағының ізі*, *су ішкен бұлағы* деген микротопонимиялық атаулар осы кешенге кіреді [5, 77-80].

Үндістан жері киелі орындарға бай жерлердің бірі. Әсіресе, соның ішінде хинди тілді ареал өңірі деп айтуымызға болады. Үндістанда 3000-ға жуық құдайлар бар. Олардың құдайға деген сенімі өте жоғары. Тіпті, әрбір үндістің үйінде кішкентай ғана құдайға арнап дұға жасайтын бөлмесі бар. Үнді халқы діни наным сенімге, жұлдызды жорамалға кіршіксіз сенеді. Жұлдызды жорамалдарға сүйене отырып, үйлену тойының күнін бекітеді, жаңа жұмыстың бастамасын жұлдызды жорамалға байланысты белгілі бір күнді бекітеді. Олардың әр күні құдайға жалынумен басталады. Міне, құдайға деген үлкен махаббатпен олардың жер-су аттары құдай есімдерімен байланысты болып келеді. Мысалы, Рамнагар, Рампур, Ситапур, Ганешпур, Радха, Ганешнагар.

Көне мифологиялық ұғымдар мен түсініктерге қатысты топонимиясында тағы бір географиялық атаулар тобы «эулие ағаштармен» байланысты. «Ағаш мифологиясы» өте көне «ғаламдық ағаш» культімен байланысты болып табылады. Мәселен, Бихар штатының орталық бөлігінде орналасқан шағын қала Бодх-Гаяның басты көрнекті орындары – Махабодхи ғибадатханасы мен Бодхи ағашы. Бүгінде Бодх-Гаяда өсіп тұрған ағаш, сол ежелгі заманда Гаутама ханзада түбінде отырып Буддаға айналған, яғни кемелдікке жеткен ағаштың тікелей «ұрпағы» және қасиетті ағаштардың бірі болып саналады [6, 11-15].

Көне мифологиялық танымдардан көрініс беретін аймақтық топонимдердің бір тобы үңгір атауларымен байланысты. Бихар штатының солтүстік-шығыс жағында шамамен 40 км. қашықтықта орналасқан Гая қаласында – Барабар үңгірі сынды спелеоним белгілі. Осы микротопонимдік атауға және аталған нысанға қатысты ақпараттарда мифологиялық сипаттағы танымдық деректер бар. Әрине, бір кездерде киелі орын саналған үңгірдің сакральді мәні уақыт өте бәсеңдей берген, сондықтан үңгірге қатысты кейбір мифологиялық ақпараттар ұмыт болған. Егер көне замандарда үңгір зиярат, құлшылық ететін, белгілі бір ырым-жоралар (ритуалдар) өткеретін киелі орын қызметін атқарған болса, кейінгі дәуірлерде ол киелі функцияларынан айрылған. Ал хинди тілді ареал топонимиясында сумен байланысты мифологиялық танымдардың мейлінше қарабайырланған саркыншақтарын кейбір гидронимдік атаулардан байқауымызға болады. Ежелгі замандарда өзен, су атауларында имплицитті (жасырын) түрде «толыққанды» мифологиялық ұғымдар кешенді түрде болған шығар, ал талай дәуір өткен соң сол атауларда (су нысандарында) тек «қасиетті», «эулиелі», «емдік шипасы» бар деген қарабайырланған ұғымдар сақталған. Мысалы, *Ганга өзені* қасиетті, емдік шипасы бар су көзі болып саналады. *Ганга өзені* – Бхагиратхи, Бхиллангана, Алакнанда, *Ямуна өзені* – Тонс, Чамбал, Бетва, Синд және Кен сынды ағындардың орналасуында да мифологиялық астарлар бар. Осындай қасиетті өзендердің қатарына *Сарасвати* және *Парвати* да кіреді. Хинди тілдік ареалды өңірдің қасиетті, киелі жерлері өте көп. Алайда ең атактылары:

1. Айодхья – Рам құдайдың туылған жері.
2. Матхура – Кришна құдайдың туылған жері.
3. Харидвар – Жерге Индраның баласы алып жүрген өлмес шәрбаты түтікшісінен бірнеше тамшы төгілген жердің біреуі. Қалған үш жер: Праяг (Аллахабад), Удджайн, Насик.
4. Канчипурам – Бұл қалада мындаған Вишну және Шива құдайына арналған ғибадатханалар бар [7, 10].

Үндістан халықтары үнділердің үш құдайы: Брахма, Вишну және Шиваға табынады. **Брахма** – дүниенің жаратушысы, **Вишну** – бейбітшілік сақтаушы, **Шива** – күйретуші және қайта құру құдайы. Шива мен Вишну өте жоғары құрметке ие болып, оларға арнап храмдар тұрғызылады, құрбандықтар шалынады. Киелі нәрсеге табынушылықтың ізі күні бүгінге дейін

сақталған. Үнділер Ганг өзенін, жануарлардан – **сиырды**, өсімдіктерден – **лотосты** киелі деп санайды. Мысалы, Шивапур, Шивгарх т.б. [8, 46].

Үнді халқының аксиологиялық рухани құндылықтарының бірі – ел батырларын қастерлеу; елін, жерін қорғаған елі, жері үшін жанын қиған батырлар есімдерін жер-су аттарында мәңгі етіп үнді халқы «топонимиялық жадында» сақтай білген. Мысалға алатын болсақ: Раджа Пратап Сингх, Акбар, Ашока, Мадхубан Радж, Кашинах Адхикари, Фироз т.б.

Әулиелік, көріпкелдік қасиет дарыған кісілердің есімдерімен байланысты топонимдер мен микротопонимдер: Горакхнатх, Вибхандак Риши, Бурхан ад – Дин т.б. Үнді халқы қасиетті жерлерін қадірлейтін елдің бірі болып табылады. Мысалға алатын болсақ: Ганга мен Ямуна өзендері. Ганга – Махабхарата поэмасында (Қасиетті сулардың бірі), Ганг құдай бейнесінде де көрінеді. Ол поэмада Бхишмнің анасы болып сипатталады, кейбір аңыздарда ол Агни құдайының анасы ретінде сипатталады. Ганганың мағынасы (жермен аспан ортасындағы қиылыс нүктесі) дегенді білдіреді.

Ямуна – Санскриттен аударғанда «яма» (егіз) деген мағынаны білдіреді. Егіз деп аталуының себебі Ганга өзенімен параллель жатқаны болуы мүмкін деген түсінік қалыптасқан. Ямуна – Ригведа, Атхарваведа, Брахмандарда айтылады. Ригведада Ямуна өзінің егізіне «сансыз махаббат» сезінуі туралы айтылады. Аңыз бойынша Ямуна немесе Ями я Ями – бұл Күн құдайының қызы, Яма құдайының қарындасы [9, 19].

Үндістанның ең қасиетті өзендерінің қатарына жатады. Әлі күнге шейін үнді халқы Ганга өзеніне табынады, ол өзенді қасиетті және ол өзенге сыйынып, шомылған адам өз күнәларынан тазаланады деп санайды.

Қорытынды

Зерттеу барысында аймақтық топонимияның жүйелік құрылымына негіз және алғышарттар болатын *физикалық-географиялық* және *этномәдени* факторлар нақты дәйектелді.

Атап айтқанда:

– *Хинди тілді ареал* топонимиясының аймақтық келбетін, регионалдық ерекшеліктерін сол өңірге тән физикалық-географиялық, тарихи-хронологиялық, этногенездік үрдістердің, түрлі тарихи-экономикалық формацияның алмасуының нәтижесіндегі бірнеше этнотілдік, этнотанымдық диахрониялық қабаттарының қалыптасуын көрсететіні анықталды;

– *Хинди тілді ареал* топонимиясының этнотанымдық (лингвоменталды) жүйесін *мифтік (мифологиялық), тарихи-топонимиялық* этнотанымдық жүйелер құрайды. Бұл үдерістер бірнеше ғасырларға созылып жатқан кезеңді қамтиды;

– ежелгі мифтік наным-сенімдер орын алған және Үндістандағы діндермен байланысты этнотанымдық топонимиялық қабатта индуизм, буддизм, джайнизм, ислам сопылар культі, әулиелері жайында этнотанымдық мәліметтер жинақталған;

– *тарихи топонимиялық қабат* хинди тілді ареалынан шыққан батырлар мен қоғам қайраткерлерінің есімдеріне және ерлік істеріне қатысты қалыптасқан;

– Хинди тілді ареалы топонимикалық аңыз бен эпсаналарға өте бай топонимиясына қатысты фольклорды *тарихи топонимикалық, жалпы топонимикалық, мифологиялық (діни әлеуметтік)* аңыздар мен эпсаналар құрайды;

– *Хинди тілді ареал феноменінің* бүкіл үнді лингвомәдени қауымына мәлім ықшамдалған мәтіндік инварианты – «*Хинди тілді ареал* – киелі, қасиетті, әулие жерлердің ошағы».

Зерттеу жұмысында хинди тілді ареалының тіл тарихын зерттеуде маңызды дерек көзі болып табылатыны мәлім. Дипломдық жұмыста қарастырылған топонимикалық атаулар (Агра, Джайпур, т.б.) бірнеше ғасырлар бойы қолданылып келе жатқан атаулар. Әлі де болса қайдан, неге байланысты осындай топонимикалық атаулардың қолданылуы әлі де болса зерттеуді қажет етеді.

Хинди ареалының топонимикалық атауларына байланысты зерттеу жұмысында бірнеше этномәдени факторлар қарастырылған. Тілдегі аңыз-эпсаналардың ғасырдан-ғасырға тоқтамай жетуі халықтың ауыздан-ауызға жеткізіп, таратуы, фольклорының дамуы, өз елінің, тілінің салт-дәстүрінің берік ұстануы. Қорыта айтқанда, *Хинди тілді ареал* рухани феномені – үнді мәдени кеңістігіндегі белгілі бір эталон, киеліліктің (әулиеліктің) метафорасы және символы. *Хинди тілді ареал* феноменінің мыңжылдар бойы сақталуының негізгі себебі – «мәңгі ел» Үнді халқының мәңгі өшпес рухының жасампаздығында, сансыз ұрпақтардың рухани сабақтастығында.

Хинди тілді ареал рухани феноменінің мәдени философиялық, тарихи-танымдық, дүниетанымдық, діни, идеологиялық және аксиологиялық әулеттері өте жоғары, сол себепті

ұлттық санада, үнді халқының рухани мәдениеті мен тарихында қайталанбас және мәңгі өшпес өз орны бар. Әрбір үнді азаматы үшін хинди тілді ареал мифологиясы, бұрыннан қалыптасқан өркениеті, тарихы, мәдениеті, киелі жерлері оларға мақтаныш.

Әдебиеттер

- 1 Сағындықова Ә.Ө. Топонимика пәніне арналған әдістемелік нұсқау. – Ақтау, 2011. – 89 б.
- 2 रमा शंकर. प्राचीन भारत की इतिहास. – दिल्ली, 1998. – 394 पृष्ठ.
- 3 Cunningham Alexander. Ancient Geography of India. – Munshiram Manoharlal, 2002. – P. 131–140.
- 4 Hans Bekker The History of Sacred Places in India As Reflected in Traditional Literature. – New York, 1990. – 161 p.
- 5 Richard Stephen Charnock. Local Etymology: A Derivative Dictionary of Geographical Names. – Oxford University, 1990. – 167 p.
- 6 Devdutt Pattanaik. Myth=Mithya: A handbook of hindu mythology. – New Delhi, 2006. – 227 p
- 7 Horace Hayman Wilson. Gangadwāra, the place where the Ganges descends to the plains ...Sacrifice to Daksha (From the Vayu Purana.). – Kankhal, 1840 – 62 p.
- 8 Mahadev Chakravarti. The concept of Rudra Siva through the ages. – New Delhi, 2002. – 46 p.
- 9 Verma, Archana. Cultural and Visual Flux at Early Historical Bagh in Central India. – Oxford, 2007. – 500 p.

References

- 1 Sagyndykova E.O. Toponomika panine arnalgan adistemelik nuskau. – Aktau: 2011. – 89 b.
- 2 Rama Shankar. Prachin Bharat ki itihās. – Dilli, 1998. – 394 p.
- 3 Cunningham Alexander. Ancient Geography of India. – Munshiram Manoharlal, 2002. – P. 131–140.
- 4 Hans Bekker The History of Sacred Places in India As Reflected in Traditional Literature. – New York, 1990. – 161 p.
- 5 Richard Stephen Charnock. Local Etymology: A Derivative Dictionary of Geographical Names. – Oxford University, 1990. – 167 p.
- 6 Devdutt Pattanaik. Myth Mithya: A handbook of hindu mythology. – New Delhi, 2006. – 227 p
- 7 Horace Hayman Wilson. Gangadwāra, the place where the Ganges descends to the plains ...Sacrifice to Daksha (From the Vayu Purana.). – Kankhal, 1840 – 62 p.
- 8 Mahadev Chakravarti. The concept of Rudra Siva through the ages. – New Delhi, 2002. – 46 p.
- 9 Verma, Archana. Cultural and Visual Flux at Early Historical Bagh in Central India. – Oxford, 2007. – 500 p.